

84 (Каз) 2 ЗЕЙНЕЛҒАБИ ИМАНБАЕВ  
и 48



**НАЖАҒАЙЛЫ ТҮНДЕ**

**ЗЕЙНЕЛҒАБИ ИМАНБАЕВ**

**НАЖАҒАЙЛЫ ТҮНДЕ**

*Әңгімелер*


10692


012

**„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ. АЛМАТЫ — 1970**

«Нажағайлы түнде» — төменгі класс оқушыларына арналған шағын-шағын әңгімелердің жинағы. Ол әңгімелерде сабақ оқу, достық, батылдық, тапқырлық, кішіпейілдік және басқалары сөз болады. Жинаққа жекелеген аңыз әңгімелер де енгізілді.

7—6—3  
264—70





## ІНАЖАҒАЙЛЫ ТҮНДЕ

### 1. ЖӘКЕН МЕН БАЙКЕН

Жәкен мектептен келген соң портфелін лақтырып тастап, жүгіріп ас үйге барды.

— Апа, тамақ бер!

— Жуындың ба?

— Иә.

— Балам-ай, қолыңды шала жуған екенсің,—деді шешесі кейіп. Жәкен елең қылған жоқ, мұрынды тартып қойып, сорпаны сораптай берді.

— Қайда барасың?

— Ойнаймын.

— Сабағыңа неге қарамайсың?

— Кішкене ойнап келем.— Ол көшеге шығып, жанжағына қарады.

— Әй, Байке-ен!— деді бар даусымен. Жолдасы естімеп еді, екі саусағын аузына салып ысқырып-ысқырып жіберді. Дем алып отырған көрші қарттар құлақтарын баса қойды.

— Кемпір-ай, үйге кірейікші, мына бала маза бермейтін болды-ау,— деді Рысбай атай кейіп. Жәкен сықы-

лықтап күліп жүгіре жөнелді. Жүгірген бетте Байкенді соғып өтіп, бұрқылдақ шаңға шалқасынан түсірді. Екеуі жол үстінде ұмар-жұмар болды.

— Балалар,— деген еркек даусы естілді осы кезде. Жалт қараса, Еркін ағайлары екен. Жәкен шаң құйылған көзін уқалап, қыпылықтай қарады.

— Бұл не?

— Жәй, ойнап...— деді Жәкен төмен қарап.

— Осылай ойнай ма екен?

— Несі бар ойнаса?— деді Байкен.

— Бұларың ұят қой, оқушы өсте ме екен?— деп, мұғалім ағайлары кейіп тұр.

Екі бала шанды бұрқылдатып жүгіріп барады. Айналасы ат шаптырым қамысты көлдің жиегіне келіп отырды.

— Мұғалімнен ұят болды-ау, Байкен?

— Тұу-у, нетуші еді, ұрсар да қояр. Опан да кел, темекі шегіп жіберейік.

Байкен ышқырынан бір қорап «Прибой» алып, бірін өзі аузына салып, екіншісін жолдасына ұсынды.

— Жо-жок, тартып көрген емеспін.

— Темекі шекпегесін жігіт боласың ба? Салшы аузыңа, тәтті папирос,— деді Байкен.— Үйде папам мен мамам екеуі де тартады. Сандық толы «Прибой», қанша керек болса ала берем.

— Ұрыспай ма?

— Кім?

— Папан мен маманды айтам.

— Тұу-у, қайта маған өздері тартқызады. Темекі тартпағасын жігіт боласың ба дейді. Түтінге шашалып, шиқылдап қалғанымда күлгендері бар. «Міне, біздің бала жігіт болды» дескен. Мен түтінді аузымнан да, мұрнымнан да шығара алам. Міне былай... ха-ха-ха-а. Өзің ішіне тартшы!

Жәкен шашалып қалды. Демі таусылып, тұпшығып барады. Байкен сықылықтап күлді.

— Ештеңе етпейді, әлі-ақ үйреніп кетесін.

Қыбырлаған ұсақ толқындарға қарап екеуі де үнсіз отыр. Үлкен судың бетінде шок-шоқ қамыстар көрінеді. Үйір-үйір үйректер жүзіп жүр. Жәкеннің жүрегі өрекліп, тынысы тарылып барады.

— Үйге қайтайық,— деді ол.

— Асықпа!

## 2. САЯХАТ

— Жәкен, анау қайықты көремісің?

— Иә.

— Рысбай шалдың қайығы. Барамыз да, босатып алып, көлге жүземіз. Үйрек балапандарын ұстап аламыз, қызық болады.

— Кілттеулі шығар.

— Пішту, кілт болғаныңа...

Екеуі жүгіріп қайыққа келсе, расында кілттеулі екен. Байкен шегемен түрткілеп еді, ашылмады. Қесек тасты алып пәрмендеп салып жібергенде, имесі суырылып шықты.

— Алақай, біз кеттік!

Байкен ескекті құлаштап есе жөнелді. Қайық кен жалтырға шықты.

— Әй, әлгі үйректер қайда?

— Тығылып қалды, мені ұста деп тосып тұрсын ба?

— Жок, сонау камыс төңірегінде көрінеді, кеттік сонда.

— Қайтайық, Байкен!

— Соқпа, осындай қызық табыла бермейді.

Су шылп-шылп етеді.

— Жел тұра бастады,— деді Жәкен үрейленіп.

— Ештеңе етпейді.

— Өне, бұлт көтеріліп келеді.

— Ештеңе етпейді. Қандай тамаша-а, ә? Біз ертедегі теңізшілер сияқты алысқа саяхат жасап барамыз.

— Кемеміз суға батса ше?— деді Жәкен қорқып.

— Батпайды, бекерге корқасың,— деді Байкен ескекті мықшындай есіп. Су ернеуге ұмтылып, аппақ көбік шашырайды.

Жәкеннің денесі мұздап, қалтырап кетті. Аспан күңгірт тартты, су беті де қап-қара, тіпті қорқынышты-ақ. Бір кезде көкті қақ тіліп нажағай жарқ ете түсті. Айналаның бәрі дүңгірлеп қоя берді.

— Дауыл басталды, дауыл!— деді Байкен шошып. Жанталаста қолындағы ескектен айрылып қалды. Қарағай ескек ақ ала толқындар арасында шоршып барады. Әлдеқандай дүлей күш бүкіл көлді қос қолдап шайқап тұр. Басқарусыз қалған қайықты қақпақылдап ала жөнелді. Толқынға қабырғасын беріп ырғып, секіріп келе-

ді. Қап-қара суық су қайықты да, балаларды да жұтып жіберетіндей.

Байкен бақырып жылап жіберді.

— Енді жағаға шыға алмаймыз, құрыдық,— деді ол бетін басып.

— Өй, жылама, кайық бізді жағаға өзі шығарады, қорықпа!— деді Жәкен оны құшақтап. Оның да көзінен жас, мұрнынан сорасы ақты. Ақ жал қара толқындар ысылдап келіп ұрғылайды. Қайықтың қабырғасы сықыр-сықыр етеді.

Алыста қамысты жаға қарауытып тұр. Байкен жылауын қойып бұғып жатыр. Өксік атады. Жәкен түсі суық, дөңбекшіген суға сескене қарайды. Нажағай қайта-қайта жарқылдайды. Бір кезде суық жаңбыр құйып кетті. Қайық жағаға қарай өзі алып келе жатыр.

Түн болды. Жаңбыр толастап, жел тына бастады. Жыртық бұлттардың арасынан жұлдыздар көрінді. Қайық бір орында тұрған сияқты. Бірақ тоқтаған жоқ, жылжып келеді. Үкі бастарын бұлғап теңселіп қамыс тұр. Қайық селк ете қалды. Тоқтады. Салындыға килігіпті. Жаға не бары он қадамдай жерде. Жәкен қамыстан тартып қайықты ілгері жылжитты. Байкен басын көтеріп:

— Су тайыз екен, осы жерге тастап кетейік,— деді.

— Жок, өйтуге болмайды. Шетке шығарып қояйық, киналмай тауып алсын. Онсыз да Рысбай атайға обал қылдық.

Байкен үндемеді. Екеуі құрғаққа шықты. Буындары дірілдеп барады. Қорқып қалыпты.

— Алақай, біз Робинзон Крузоша «елсіз аралға» түстік!— деді Байкен дауыстап. Жәкеннің көңілі құлазып сала берді.

— Кетші өзін, жұртқа не дейміз, бізден көреді тағы.

— Көрсін, онда не тұр,— деді Байкен.

### 3. ТЕР ДӘМІ

— Жәке-ен!

— Байке-ен!

— Бізді іздеп жүр. Қашып кетейік, сабап тастайды,— деді Байкен. Жәкен жылап жіберді.

— Жүр деймін, жүр!

Байкен тартқылап еді, қолын сілкіп тастады.

— Сабасын қайта, онымен құтыла алмаймыз. Ертен

мектепке барғанда балалар тағы күледі, мұғалімдер кейиді,— деді Жәкен өксіп.

— Мен бір ақыл таптым. Екеуміз тығылып қалайық, олар іздей берсін. Бізді суға батты деп естері шығып әбгер болады. Тіпті тірлігімізден күдер үзеді. Сол кезде апаман, сап-сау үйге жетіп барамыз. Бізді балалар да, үлкендер де нағыз батырлар дейді, қызық болады.

— Менің апамның жүрегі ауырады,— деді Жәкен.

— Сөзді қой, жүр тығылайық, аз ғана уақытқа тасалана тұрайық.

Жәкен ықылассыздау ерді, екеуі бақша шегіндегі алаботаның арасына жасырынды. Көл жақта бұлардың атын атап айғайлаған дауыстар естіледі.

— Сен отыра тұр, мен барлап келейін, жарай ма?

Жәкен басын изеді. Ұзақ тосып отырды. Дауыстар азайып, ауыл тыныштала бастады. Аспан ашылып, жұлдыздар самсап тұр. Қурай басы ақырын ырғалады. Мұрынға балауса көк пен шіріген көң иісі келеді. Жәкен зерігіп кетті. Үйіне барғысы келді. Уәдеден таюға болмайды. Қайта отырды. Тізесінен су өтіп қалтыратып барады.

Бір кезде ту сыртынан ит болып абалап Байкен шыға келді. Жәкен ыршып түсті. Анау шегі қата күлді.

— Отыр, міне мыналарды әкелдім,— деп, бір етек жасыл қиярды ақтара салды.

— Ұрлап алдың ба?

— Жоға.

— Енді қайдан?

— Ойбай, өзіміздің үйдің бақшасынан алдым, же!

Байкен бір үлкенін көйлегінің етегіне сүрте салып, Жәкенге ұстатты.

Жәкен ұртын бұлтаңдатып, қиярды кеміріп отыр. Екеуін жеп, үшіншісін бастағанда, қара бала тағы тиышсыз күлкісіне басты.

— Өтірік айтам, өзіміздікі емес. Рысбай шалдың бақшасынан қағып кеттім. Қик-кик, ха-ха-а!

Қиярды қапсыра тістеген бойы Жәкен отырып қалды. Көзі шарасынан шығып барады. Бірде көктемде қарттың осы қиярды егіп жүргенін көрді. Суалыңқы жағына қаптай өскен ақ сақалынан тер тамшылап жүрді. Атайдың сондағы ыстық теріне өскен қиярдың шала шайнағанын түкіріп тастады. Аузы тер татып кетті. Жүрегі лоблып барады.







Жәкен алаботаны жапырып жүгіре жөнелді.

— Әй, тұра тұр, тоқта-а!

#### 4. ҰЙЫҚТАЙ ҒОЙ, КӨГІМ!

Жәкенді анасы ыстық кеудесіне басып ұзақ жылады.

— Құлыным-ау, шынымен аман келдің бе? Жалғыз тірегім менің. Басқа кімім бар? Жақсы бол, соғыста өлген ағаларың үшін де жақсы оқы деп құлағыңа құйып отырам ғой...

Шәйін апай бетін жаспен жуып сөйлей берді. Жәкен анасын қапсыра құшақтап:

— Кешір, апа, кешір...— деді өксіп.

— Кешем, құлыным. Тілегім: тентек бала Байкенге ерме, оған ерсең суға кетесің. Әке-шешесі дұрыс тәрбие бере алмай жүр, өздері арақ ішеді, темекі тартады, ұрысады, қағысады. Баласының қайда жүргенін, кіммен ойнайтынын бақыламайды. Сабакты жаман оқиды. Ондай болма, Көгім!

— Болмаймын, апа, ешқашан да оған ермеймін.

Шәйін апай үлкен денесімен шайқалақтай басып ас үйге кетті де, тәттіні үйіп-төгіп әкелді. Өзі баласының тамақ жегеніне тапжылмай қарап отырды...

Жәкен бүгінгі ойын дегендерінің бәрі ұят қылықтар екенін ұқты. Жүрегі сыздап ұйықтатпады. Байкен қолындағы сұп-сұр кесек тас салдыр етіп кілтке ұрылды. Қайық жылжып кетті. Аздан соң жан біткендей тулап секіре бастады. Нажағай жарқылдайды. Аласапыран арасында Рысбай атайдың жадау жүзі көрінеді. Сақалынан тамған ыстық тері жер бетіне көлкіп барады. Сопақ қиярлар елестейді. Аузы кермек татып локсиды.

— Қарағым-ай, ашығып келіп жеген тамағың батпады-ау,— деген анасының байырғы жұмсақ даусы естіледі. Көзін ашса, сүлгімен мұның аузын сүртіп отыр.

— Ұйықтай ғой, Көгім!

#### 5. УӘДЕ — ҚАСИЕТТІ СӨЗ

— Мен кінәлімін. Ешқашан тентек болмауға уәде беремін. Оқуды беске оқимын. Енді не дейсің? Уәдем осы.

Жәкен класс толы оқушыларға жасқанбай қарап тұр. Дөңгелек сары жүзінде жігер бар.

— Уәде дегеннің не екенін білесің бе өзің?— деді балалардың біреуі.

— Білем.

— Айта ғой білсен.

— Уәде ме, уәде — адамның ар-ұятымен айтылған сөз, қасиетті сөз.— Осылай деп анасы үйреткен еді.

— Жақсы. Сен ғой тентек Байкеннің жетегімен кеткенінді айтпай, бәрін өзім істедім дейсің. Біз барлығын да біліп алдық. Осы қалай?— деді Еркін ағай. Жәкең қып-қызыл болып кетті. Алғашқыдағыдай тұмсығы тершіп қыбыжықтай берді, төмен қарап тырнақтарын шұқылады.

— Не десем екен?— деді ол қиналып.— Былайынан ол да уәде. Мен айтпауға, жолдасымды ұятқа қалдырмауға уәде бергем.

— Солай ма, ол жайлы шешене де айтпадың ба?

— Иә.

— Енді неге айтып тұрсың?

— Жаңа ғана өтірік айтпаймын деп уәде бердім ғой.

Балалар ду күлді.

## 6. ЖОҒАЛҒАН СЕҢІМ

Жәкең мектептен жүгіріп келеді. Танертең кеш оянып тамақтана алмаған еді. Үйге тез жетуден басқа ойы жоқ. Көшенің бұрылысынан жылап тұрған кішкене қызды көрді. Қыз бала бетін кірлі қолымен уқалап сатпақтап алыпты.

— Апа-а!— деп бақыра береді. Таяқ тастам жерде күйреңін бұлғап қара күшік жатыр. Жұп-жұқа тілімен екі ұртын кезек жалайды. Жәкең қызды танып тұр.

— Сенің атың Айман ба?

— Иә.

— Неге жылайсың?

— Апамды іздеп...

— Үйінді таба алмай жүрсің бе?

— Иә.

— Жүр, мен алып барайын.

Айман уанды.

— Анау ит шоколадымды жеп...

— Ол иттің жайын табам, кет-ей!— деп, Жәкең сөмкесін лақтырып еді, күшік секіріп түсіп әрірек барып жатты.

— Жүр, Айман, кеттік.

Ол Айманды қолынан жетектеп келеді. «Тентек бала, содыр бала» деп ат таққандар көрсін. Ол үлгілі оқушы, өзінен жасы кішілерге көмектеседі, кішіпейіл.

Көшеде өтіп бара жатқандарға бөгеліп жол береді. Міне, кеше ғана төбелесіп қалған Байкенге де иіліп сөлемдесіп өтті.

Айман сүрініп құлап тізесін ауыртып алды. Көшеде бақырып жылап тұр.

— Айман, жылама өзің ғой құлаған. Қоя қой, айналайын.— Бірақ қоятын қыз жоқ, тізесін ұстап ақсап келеді.

— Әй, шырағым, кішкене баланы жылатуың ұят емес пе?

Жақыннан шыққан дауысқа жалт қараса, бетін шешек секпілдеген Рысбай атай екен.

— Қарағым, Бірімжанның баласы-ай, тентектің қалмайды-ау, қашан түзелер екенсің,— деп кейіп тұр.

— Атай, мен емес, құлаған өзі...

Атай қабағын түйген қалпы өтіп кетті.

Көшеден Байкен үйінің шолақ ақ иті абалап шығып еді. Жәкен Айманды бауырына қысып тұра қалды.

— Кет, кет!— деді ол сөмкесін сермеп. Кішкене қыз ақсандап келеді.

— Айман, мен сені аркалап алайын, кел, мін аркама!— деді Жәкен жүресінен отырып. Қыз арқасына жабысып алды. Жүріп келеді. Айман кішкентай болса да ауыр екен. Жүп-жұмыр білектерімен қылқындырып барады. Жәкен терледі, бір қолында ауыр сөмкесі бар.

— Әне, біздің үй көрінді,— деді Айман қуанып.— Түсір енді, өзім де бара алам.

Жәкен қызды жетектеп ауладан кіргенде, Айманның шешесі бажылдап шықты.

— Сен жүгермек, қайда жоғалып кеттің, өзің жылапсың ғой? Әй, Бірімжанның баласы, сен ғой тиген. Кішкентай балаларды жылата беруге ұялмайсың ба? Оқушы дейді-ау сені.

— Апай, оны алып келген мен. Жолда құлап қалып...

— Сөйлем, сен сотқар баласың, кете ғой осы жерден.

Жәкен нығы салбырап барады. Мектепте жолдастары алдында берген уәдесін орындауға тырысып-ақ жүр. Бірақ бұрынғы «сотқар бала» деген атағы қалмай қойды. Қайда барса алдынан шығады.

Жәкен төмен қарап келе жатыр еді, шекесіне әлдене тарс ете түсті. Жалт қараса, қарны торсиган кішкене бала кетік тістерін көрсетіп күліп тұр.

— Ей, Ермектаймысың, допты қаға білмейді екенсің, міне, былай...

Жәкен ала допты тез-тез қаққылап көрсетті.

— Қане, енді өзін қақ!

Ермектайдың быртық қолдары икемсіз екен. Жәкен күліп жіберді. Осы кезде әжесі терезеден жаулықты басын көрсетті.

— Әй, Ермектай, ойнама, андағы сотқар бала, жылатып кетеді. Үйге қайта ғой. Шырағым Бірімжан баласы, нең бар тырнақтай балада, жайыңа жүрсейші.

— Әже, мен оған доп қағуды үйретейін деп...

— Үйретпе, жайыңа жүр!

Тағы да сол сөз...

## 7. КӨП ЖАСА, ҚАРАҒЫМ!

Жәкен аяғын ықылассыздау басып келеді. Осылай қарай жүрсе, бетінен оты шығады. Құлағы қып-қызыл болып кетеді. Аулаға кіре беріп, мойнын созып қораға қарады. Рысбай атай пішендікте шөп үйіп жатыр екен, жанына барды.

— Ден сау ма, балам!

— Шүкір. Ата, айырыңызды бере тұрыңызшы, мен-ақ лақтырып тастайын.

— Көп жаса, қарағым, өзім де үйем ғой.

Қарттың шешек секпілдеген бетінен тер тамшылап тұр.

— Ата, беріңізші, сіз дем ала тұрыңыз.

— Көп жаса, қарағым! Күшің келер ме екен?

— Келеді.

Жәкен иісі мұрып жаратып жап-жасыл судыраған пішенді іліп лақтыра берді. Бойы биікке еркін жетпесе де, көпене шөпті еңсеріп тастады. Денесі терлеп қоя берді. Мойнына шөптің үгіндісі түскеніне де қарамады. Анадай жерде дөңгелек жүгіртіп Байкен өтіп барады.

— Кел-ей, атайдың шөбіне қолғабыс берісейік,— деді айқайлап. Анау қолын бір сілтеп кете барды. Соңғы айыр пішенді де төбеге шығарды.

— Көп жаса, қарағым, жігіт екенсің. Түү-у, терімді құрғатып, тыңғып қалғанымды қарашы,— деді Рысбай

атай баланы басынан сипап. Жәкен арсалаңдап күле берді.

— Атай, көмек керек болса, шақыра қойыңыз. Қашан да бас тартпаймын. Өзімнің күшім келмесе, мектептегі балалар болып істеп береміз.

— Көп жаса, қарағым, әкең Бірімжанға тартқан екенсің. Ақкөңіл аңқылдақ еді ғой, өркендерім-ай!— деп, қарттың қолдан жапсырып қойғандай ұп-ұзын шабдар қабағы көзін жауып кетті. Жәкен де төмен қарап отыр. Әкесін сағынып кішкене жүрегі сыздап қоя берді. Бірімжан соғыстан мүгедек болып оралып, ұзақ науқастанып дүние салған.

— Әкең Бірімжан марқұм Әбілқайырыммен құрдас болатын. Екеуін де соғыс жұтты. Соғыс... соғыс... уһ... Енді кемпір екеуміз қураған түбірдей болып отырғанымыз мынау... Жүр, балам, әженнің шайынан іш!

— Жо-жок, ата, кетем, апам тез орал деген.

— Әй, қарағым-ай, кемпір-шал екеуміз шошайып отырып ішкен ас та батпайды. Дастарқан басында бала отырған қандай жақсы. Жүрші, жүр енді!

## 8. АДАЛДЫҚ АЗДЫРМАЙДЫ

Атайдың көнеріп кеткен аласа үйінің төрінде қалтылдақ стол тұр. Қарт сырмақты ұстап:

— Отыр, қарағым,— деді.— Әй, кемпір-ай, мына көрдің бе, азамат баламыз бар. Әбілқайырымның құрдасы Бірімжанның баласы емес пе, бөтендігі бола ма? Атасының шөбін үйіп берді, айналайын.

Шүйкедей кішкене кемпір Күлбике әжей Жәкеннің бетінен сүйіп, көзіне жас алды.

— Әбілқайырым соғыстан оралса, біздің де сендей немерелеріміз болар еді ғой, уһ!

Атай мен әжей Жәкенді ортасына отырғызып, рақаттанып шай ішті.

— Іш, же, қарағым,— дейді екеуі екі жақтан.

— Болдым, рақмет,— деді бала кейін шегініп. Қалтасына қолы қайта-қайта барып қалады. Шай ішіліп болып, дастарқан да жиналды. Жәкен кипактап әлі отыр. Қалтасындағы үш сомдықты сығымдай береді. Көзі жаутаң-жаутаң етеді. Үлкен қызыл құлақтары қалқайып, екеуіне кезек қарайды. Танауының үсті тершіп қоя берді. Қашық күндері совхозда жұмыс істеп тапқан үш

сомдықтың бірі еді. Есікке тақау барып қалтасын қармап, тағы бөгелді.

— Қарағым, бірдене айтпақ па едің?— деп сұрады атай бір кезде.

— Иә, ата, мынау ақша сізге тиесі,— деп мылжаланған үш сомдықты қарттың алдына тастай салды.

— Неге, не үшін?

— Ана жолы қайығыңызды мініп кетіп бір күн әуреге салдық, онымен қоймай қиярларыңызды ұрладық. Сізге обал жасадық, сол үшін алғашқы еңбекақымды әкеп тұрмын, кешу етіңіз!

— Апырай, не деп кеттің, қарағым, сол үшін ақша алам ба? Оным ерсі болады ғой. Балалықтарыңды кешпесем, ата болғаным қайсы. Жо-жоқ, алмаймын. Көп жаса, бақытты бол, қарағым! Адамның тәңірісі — ары деп еді. Арың таза екен, жақсы азамат боларсын. Сен бердің, мен алдым, мынауыңды қалтаңа сала ғой.

Ақшаны алмасына әбден көзі жеткен Жәкен:

— Ата, сізге алғашқы табысымды әкеп тұрмын,— деп қиналды.

— Апырай, рас сөз-ау, бөтендігі бар ма бұл шіркіннің, әкелші бері,— деді атай серпіле сөйлеп. Сонан соң әжейдің құлағына сыбырлап:

— Көп қылып қияр салып бер, есесін артығымен қайтар. Алмасаң бала өкпелеп қалайын деп тұр,— деді.

Жәкен үйден атқып шықты.

— Әй, қарағым, тоқта!— деген дауысқа бұрылмады. Жүгіріп келеді, бойы жеңілдеп кеткен сияқты. Сонадайдан Байкен көрінді.

— Жәке-ен, кел ойнайық!

Жәкен қолын сілтеп бұрылып кетті.

## ЗИНҰР

Зинұр сабақ дайындауға отырды. Бүгінгі тапсырма өлең жаттау еді. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы...»— деп шапшаңдата оқи бастады. Әп-сәтте бір шумағын жаттап та үлгерді. Өлеңді түгел жаттап алмай ештеңеге бұрылмауға серт қылды. Сөйтіп отырғанда өзімен кластас Жаңабай деген баланың келе қалмасы бар ма.



— Жүр, Зиннұр. Қызық кино келіпті. Балалардың бәрі сонда кетті.

— Жок, Жаңаш, мен бармаймын, өлең жаттаймын.

— Келгесін де жаттап алмайсың ба,— деп, Жаңабай киналып еді. Досы көнбеген соң жүгіре жөнелді. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы...»— деп Зиннұр қайта оқи бастады. «Қойшы. Жаңабай айтқандай келген соң да жаттап тастауға болады ғой. Қызықтан құр қалатын болдым. Әй, Жаңаш, тоқта-а!»— деп терезеден мойшын созып айқайлап жіберді. Бірақ Жаңаш естімеді, тасаға түсіп кетті.

Кинодан келген соң өленді қайта жаттауға кірісті. Сөйткенше болған жоқ, балалар сырғанаққа жиналып қалды. Ит шанаға екеу-екеу мінгесіп биіктен төмен қарай зырғытып жүр. «Жок, мен ешқайда шықпаймын, өленді қалай да жаттап алуым керек»,— деді Зиннұр өзіне. Әйтсе де ұзақ отыра алмады. Сырттағы балалардың шуы алаңдата берді.

«Қойшы, кешке шам жаққан соң да қалғанын жаттап тастауға болады ғой»,— деген ой келді. Сол-ақ екен, киімін шала киіп далаға жүгіріп шықты.

Кешкі тамақтан соң қалғн бастады. Өлең жаттауға шамасы келмеді. «Қойшы, ертемен тұрып жаттап алам ғой, енді көп қалған жоқ»,— деді. Зиннұр ертсінде кеш оянып, мектепке қарай асығыс жүгіріп бара жатты.

## ТҮНГІ САПАР

Ағаш жақта салқын шық үйіріліп тұр. Бөденелер бытпылдықтап дамыл көрмейді. Көл шетіндегі бала құрақты күрт-күрт орып жылқылар жүр. Нұрмаш үйінің кер биесі құлынын ертіп күзетші балаларды айнала оттайды. Күндіз желіде болған кер құлын енесін дамылсыз еміп мазалай береді. Кер бие құлынын келте құйрығын тістелейді. Бірақ қатты тістемейтін сияқты. Құлын жабыса түседі. Қамыс арасынан әлдеқандай құс бакырып үн қатады. Көл бетіне айдың әлсіз сәулесі түсіп тұр.

Бала осылардың бәріне тамашалай қарап ұзақ отырды. Құрдасы Садақ тоқым төсеніп ұйықтап жатыр. Айнала тым-тырыс. Құстар сайрауын қойды. Алысырақта,

кой шарбағы жакта күзетшінің айғайы естіліп қалады. Ай сәулесі мүлдем көрінбей кетті. Бір кезде машина оты қылтадан жарқ ете қалды да, қараңғы даланы тінтілеп біраз жүрді. Жарық көлдің арғы ойпаңында тұрған кой шарбағын шарпып өтті. Әне, қойға қарай жылжып барады. Ит абалап қоя берді. Күзетшінің:

— Бұл кім-ей?— деген ұйқылы даусы естілді. Түсініксіз жауаптар қайталанды. Нұрмаш демін ішіне тартып тындап тұр. Келгендер қат-қабат тіл қатты да, бәрі тынды. Ит те үруін қойды. Машина кой шарбағының жанында үлкен бір қорқынышты мақұлықтай қарайып көрінеді. Адамдар жүргендей болады.

— Садақ, тұршы, тұр деймін!

Садақ тоқым үстіне аунап түсті:

— Маза берші өзін...

— Тұр деймін!— Нұрмаш жұлқып-жұлқып қалды.

— Не болды?

— Садақ, ананы көремісің, Ақпан атайдың қойына ұры келді. Машинаға кой артылып жатыр.

— Атайдың өзі қайда?

— Білмеймін, барып көрейік.

Екі бала саймен бұқпантайлап келді де, шық қонақтаған салқын жерге бауырларын төсеп жата кетті. Алдан, тіпті жакын жерден кой шуашының нісі аңқып қоя берді. Қойларды үш адам биік жақтаулы машинаға лақтырып жүр. Атай болса көрінбейді. Ит те үнсіз.


— Мынау нағыз ұрлықтың өзі,— деді Нұрмаш ентіге сөйлеп.— Мен бақылай тұрайын. Сен дереу ауылға хабарла?

Садақ бөденедей жорғалап сайға түсті де, көлдің арғы жағындағы ауылға қарай зырлай жөнелді. Бала демі таусылғанша жүгірді. Ақыры Сәли бригадирдің үйінің алдына жетіп, етпетінен түсті. Тұғырға шығып терезені ұрғылай берді.

— Ұры, қойларды артып жатыр,— дегенді алқынып зорға айтты.

Ауыл адамдары жеткенде, отарда ешкім жоқ болатын. Ергенек шалқасынан ашық, қойлар шығып жүр. Шулап маңырайды. Кенеп шатырдың алдында Ақпан атай жатыр. Бетін қан жуып кеткен.

— Ақа, ау Ақа, сізге не болған?— деді Сәли дауыстап. Қарт ақырын ғана қозғалып, ыңырсиді береді. Қоршау шетінде мойнын астына ала көк төбет өліпті.





— Тірі екен. Дереу ауруханаға жеткізу керек,— деді Сәли.— Ах, жауыздар-ай! Құтылып кетті-ау! Жігіттер, шабындар милицияға.

— Нұрмаш, Нұрма-а-аш!— деді Садақ бар даусымен айқайлап.— Ағатай, мен барда осы жерде қалып еді. Ұрылар оны да алып кетсе керек, мінекей бәтенкесі.

Нұрмаштың бәтенкесін қолына ұстап Сәли ағай ойла-нып қалды.

...Нұрмаш көз жазбай андумен болды. Түн жамылған мылқау адамдар қойларды машинаға толтыра салды. Алғашқыда араларында Ақпан атай да жүрген сияқты еді. Анықтап көру үшін жерге жабысып ілгері жылжыды. Қой шарбағының шетіндегі бір түп тобылғыны бетке ұстап жата кетті. Бұл жерден ұрылардың барлық кимылы анық көрінді. Олар үшеу екен. Бетін сақал басқан ірі адам:

— Қойлардың күйлісін ұста, асығатын ештеңе де жоқ. Бізді ешкім де көріп тұрған жоқ,— деді қырылдап.

«Мен көріп тұрмын, жауыздар!»— деді Нұрмаш тістеніп.

— Шал өлді ме екен, байқандар, тіріліп кетсе, пәле болады,— деді сақалды.


— Өлмесе де, ол бізге не қауқар қылады,— деп күлген болды екіншісі.

Нұрмаш ауыл жаққа жалтақтап қояды. Кішкентай жұдырықтарын тас қылып түйіп алыпты. Келгендер машина қорабының жақтауларын бекітіп кетуге айналды. Номерлерін майлап тастапты. Қызыл жарығы жанбайды екен. Нұрмаш орнынан жылжи берген машинаға мысықша атылып жармаса түсті. Табан тіреп тұра қалған баланы машина іліп ала жөнелді.

Алғаш номер жазған қаңылтырдың бір шегесі суырылып кетіп еді, екінші шегесі босар емес. Жолға түсіп ағыза жөнелгенде жақтауға асылды. Машина құстай ұшып келеді. Жолдың ойлы-қырлысына қарар емес, секіріп-секіріп кетеді. Бала шыдай алмай ішке түсіп қорап тола койдың арасына жасырынды. Кабинкадағы үшеудің бірі даурығып өлең айтқан болады.

Ұрылар үлкен жолдан шығып орманға қарай бұрылды. Машина тұсаулы аттай секіріп лажсыздан жүрісін баяулата бастады. Шайқалақтап келеді. Нұрмаш артық жақтаудан салбырап тұрып бір қолымен номер жақын





қаңылтырды бұрай берді, қатты-қатты жұлқылады. Енді алынады-ау дегенде машина баяулап барып тоқтай қалды. Бала жол жиегіндегі қалың қурай арасына бұқты.

Ұрылар машинаны айналып қарап шықты. Қаңылтыр номер салбырап үзілгелі тұр. Оны ешқайсы көрген жоқ.

— Таң атқанша Молалыға жетіп алайық,— деді сақалды гүжілдеген даусымен.— Ал, кеттік. Машинанды шапшаң айда!

Машина жолдың бір шұқанағына тоқтаған екен. Екі-үш ұмтылып барып жылжи жөнелді. Нұрмаш жармасып салбырап келеді. Алғашқы бетте қатты жұлқып қалғанда қаңылтырдың шеті алақанын оқсата тіліп кетті. Ыпыстық қан білегін жуып барады. Оған қарауға уақыт қайда! Сау қолымен асылып тұрып қан жосыған қолымен есі кеткенше номерді жұлқылай берді. Машина артында асылып тұрудың өзі қиын еді.

Нұрмаш қаңылтырды қапсыра ұстап тартып қалғанда, жерге шалқасынан түсті. Басымен қатты ұрылды. Түнерген түн де, бүкіл жұлдызды әлем де көз алдынан сыпырылып жоқ болды. Бала есінен танды.

— Жауыз, жолама маңыма!— деп қос алақандай номерлі қаңылтырды бауырына тас қылып қысып бала жатыр...

— Нұрмашжан, бұл мен ғой, Сәли ағаңмын!— Жарығын түсіріп жеңіл машина тұр. Бала тағы талықсып кетті.

## ДОСТАР

Зейін қар басқан бақта жүр. Қарақат бұталарының сыртына мойнын созып қарап қояды. Бұқпантайлап ілгері жылжиды да, кіп-кішкентай денесімен бүрісіп отыра қалады. Бұтаның арғы бетінде әдемі, қызыл төс суық торғайлар жеміс ағаштарының жел қағып түсірген бүршіктерін шоқып жүрген.

Бала осылардан аумайтын ойыншықтарын қапылыста сындырып алғаны бар. Ал мыналар болса, тірі торғай. Өздері қандай әдемі, жерді шұқыған сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді. Жақындап барып ұстап алмақ еді, торғайлар пыр етіп ұша жөнелді. Әрірек барып, алма ағашының бұтағына тізіліп отырды. Көпті көрген

кәрі торғай балаға мойнын созып, «шиқ-шиқ» деп үн қатты.

— Зейін, сен не істеп жүрсің?— деген даусыма балам жалт қарады да:

— Торғайлардың екеу-үшеуін үйге апарайын деп едім, ұстатпады,— деді. Мен күлдім де:

— Олар ұстатпайды, қолға үйретудің басқа жолы бар,— дедім.

— Қалай?

— Көремісің, торғайлар сенен жем сұрап тұр. Олар аш. Күн сайын өз қолыңмен жем беріп тұрсаң, қашпайтын болады.

Зейін қуанып кетті. Екеуміз ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнаттық. Айтқандай-ақ торғайлар үйреніп алды. Шашқан бидайды тақтай үстінен жей бастады. Кейін алақандағы дәнді шоқудан да қорықпайтын болды.

## ТРАКТОРШЫ БАЛА

Әкесі белін буынып тысқа шыққанда, баласы трактордың жып-жылы кабинкасында отырған. Жүзінде байсалдылық, ірілік бар. Әкесіне ұқсап баққысы келгені көрініп тұр. Мұрынды тартып қойып, терезе шынысын сүрткілейді. Рульді айналдырып, заулатып, жүріп келе жатқан болады.

Қоспан баласының ойлы, әрі талапты жүзіне қарап іші жылып кетті. Тіпті күліп жібергісі келді. Бірақ күлмеді. Жамбыл беті дуылдап, кішкене қайқы танауын тартқылай берді.

— Далаға барасың ба менімен?

— Барам.

Жұп-жұмсақ былғары көпшікке жайғасып алып, әкелі-балалы екеу қырға беттеді. Күн салқын болып тұрған. Құралайдың өткір желі бар. Ауыл сыртындағы егістік бетіне түрен тастап, жылжи жөнелді. Түрені жұмсақ жерге бойлай кіріп, боз балшығын ақтара аударып барады. Қызыл «Белорусь» манағыдай емес, ауырлай, ыңырана тартты. Жамбыл біресе алға, біресе артқа сүйсіне қарап күлімсірейді. Ол әкесінің қимылын аңдып отыр.

Қол мен аяқ, көз үшеуі одақтасып қимылдайды екен. Қолдары рычагқа барса, аяғы педальді басады. Көзі



жолдан жазбайды. Арттағы түрендердің жұмысын бақылайтын да сол. Аяқтың екеуі де дамылсыз. Қысқасы, тракторшы жұмыс уақытында бар денесімен қимылдайтын көрінеді. Жамбыл осыны білді.

Ендігі арманы — рульге өзі отырып көру. Бірақ әкесі мұнымен тілдескен жоқ. Шынын айтқанда, осынау тар кабинада оның бар-жоғын да ұмытқан сияқты. Күн көзі әбден көтеріліп тас төбеде тұрып алды. Бір кезде әкесі аңыз басына тоқтап, тракторға май құйды.

— Жамбыл, қарның ашты ма?

— Аздап қана.

Әкесі күліп жіберді.

— Ендеше дорбадан алып тамақ же, сусасаң сусын бар.— Жамбыл ұялып тамаққа ұмтыла қоймады. Маза-сыз болсам ендігі жолы ертпес деп ойлады.

Қоспан қолын сүртіп болып, баласын тамақтандырды, өзі де жеді. Сонан соң аңыз үстіне сұлап жатып керіліп алды.

— Ал кеттік. Пар жырту найқалуды көтермейді.

Тағы да дағдылы жұмыс. Мотордың толассыз ызыны. Жылжып қалып жатқан сары дала. Жалпайып молыға түскен қара жыртынды. Жамбыл жалығайын деді. Көзіне ұйқы тығылды.

Бір кезде трактор тоқтады. Әкесі жерге түсіп, мотордың майын өлшеп қарады. Сонан соң шырт түкіріп тастап:

— Сен енді рульге отыр, трактор жүргізесің.— деді Қоспан баласына. Жамбыл алғаш нанбап еді, әкесінің кескінінен ешқандай алдау нышанын көре алмады.

— Қәне, педальді басып көрші, әне солай. Аяғың жетеді екен. Ал енді педальді басып тұрып рычагты былай бұрсаң — бірінші, былай толғап тартсаң — екінші, былай етсең үшінші...— деп жүріске қосуды түсіндірді. Жамбылдың көптен көзі қанған істер болатын. Ұзын сирағымен педальді басып бірінші жүріске салды да, газды көбейтіп шапшаң жіберіп қалды. Трактор үріккен аттай ыршып түсті. Бала рульге мандайын соғып ала жаздады.

— Ақырын жібер, мұндайда трактордың бір тетігі үзіліп кетуге ықтимал. Қайыра баста. Педальдан аяғыңды ақырын босат та, газды көбейте түс, әне солай!

Трактор ілгері ұмтылды. Алғаш рульге не бола алмай, ерсілі-қарсылы ауытқи берді. Жүрек тоқтатып шеңбер-

ден тас қып ұстап алды. Мотордың үні азайып булығы бастады.

— Газды көбейт, одан да молырақ, міне солай. Енді екіншіге ауыстыр. Саскалақтама.

Трактор бар күшін жинап алға тартты. Жамбылдың мандайынан тер бұшақтап көзіне құйылды. Оған қарауға уақыт жоқ, тістеніп алыпты.

Қоспан рақаттана күлді.

— Әй, менің Жәкем тракторшы болды,— деп қуанды ол. Жамбыл да қуанды.


Міне, аңызды екінші рет айналып келеді. Мотор үні түзеліп, трактор баланың еркіне бағынды. Қоспан түрендерді қалай түсіру, қалай көтеру керектігін үйрете берді.


Кешке ауылға қайтқанда, көршілер трактор руліндегі Жамбылды көріп, шешесіне:

— Әй, Дәметкен, той жаса, балаң трактор жүргізіп келді,— деп шуласты.

Сол кештен былай жұрт Жамбылды тракторшы бала деп атап кетті.







## ТАҢДАНАРЛЫҚ ОҚИҒА

— Балалар, сендер балықшының жолында өлгеч болып жата қалып қалы соқтырған залым түлкі жайлы ертегіні оқыдыңдар ма?— деді Жылқыбай нағашым.

— Оқыдық.

— Соған нанасындар ма?

— Нанамыз,— десті кішкентай Қуаныш пен Зейін.

— Ал сендер ше?— деп ересектеу Марал мен Сафияға қарап еді.

— Ертегі ғой,— деп күлді де қойды. Нағашым жылтыр басын сипап қойып, күлімсіреп отырды да, тандайынтық еткізді.

— Тіпті таңғажайып жұмыс болды. Шаңғымен бір түлкінің ізін қуып келе жаттым. Күн тымық, үп еткен жел жоқ. Тоғай аппақ қырау жамылып тұр. Күн көзі еркін көтеріліп кете алмай, талдардың төбесінде ғана жылжып барады. Ертемен көп жерді кезіп шыққам. Түлкі ізі бірде қарға жасырынып, бірде адам баспас шытырманға кіріп, шимай салып әурелеп баққан еді. Дамылдап алаһын деп алаңқайға бөгелдім.

Бір кезде сауыскандар шықылықтап қоя берді. Әбігерленіп жүр. Талдардың қыраулы басын жайқап-жайқап өтеді. Мылтығымды қыса ұстап сығалап қараймын. Ештеңе көрінбейді. Сауыскандар қасқыр не түлкі көрсе ғана осылай ететін. Бір кезде тал арасынан қылтнып қап-қара екі құлақ көрінді.

Тани кеттім, қудың өзі екен. Ол бір жатты, бір тұрды. Мені мазақтап әурелей бастады. Денесін жасырып басын ғана қылтитып алған. Отырдым да қойдым, қозғалғам жоқ. Әлдеп соң екі-үш аттап бері шықты да, қар бетіне бауырын төсеп жата кетті. Құйрығының ұшын тістелеп қояды. Жалындай қып-қызыл болып аунап-аунап түседі. Мылтығымды ілгері создым. Тоғай селк ете қалды. Түлкі орғып түсіп екі-үш домалап кетті. Оппалап жеткенімде қимылсыз жатыр екен. Қар бетінде қан тамшылары бар. Аударыстырып қарадым, ту сырты қып-қызыл, тамағы мен бауыры қардай аппақ, тұмсығы мен аяқтары қап-қара. Несін айтасың, керемет әдемі екен. Қоржынға салып, арқама байлап алдым.

Ауылға келгенімде, әлі жарық болатын. Бар бала жүгіріп алдымнан шықты.

— Ага, тірі кекілік әкелдіңіз бе?

— Аға, қара құрдың әдемі қоразын әкелем деп едіңіз ғой?— деп жан-жағымнан шулап қоя берді.

Мен қоржынымды жерге түсіріп, ішінен алтайы қызыл түлкіні алып қар бетіне тастадым. Балалар таң-тамаша болып қоршап алды. Талпақ танау ақ бала Зейнұр қолын апара беріп еді, түлкі баланың басынан секіріп кетіп орманға қарай құйындай ұшты. Күнгірт тартқан далада бұрқыратып бара жатқанын ғана көріп қалдық. Зейнұр бақырып қоя берді.

Таң-тамашамын, жолда келе жатып та қыбыр еткен жоқ. Қоржыннан алып жерге қойғанда да қозғалмады.

— Бұл ертегінің өзіндей таңғажайып оқиға болды,— деп, балалар шулап қоя берді.

### ҚАЖІКЕННІҢ АРМАНЫ

Қажікен өзімен бірге ойнаған балаларды ешқашан ренжітіп көрген емес. Ешкіммен байланыспайды да. Ол мейлінше қиялшыл бала еді.

— Білесің бе, Төкен, дүниеде теңізші болудан артық бақыт жоқ. Алыс мұхиттарға саяхат жасайсың. Алыс елдерді көресің. Теңіз түбінің небір байлығын тересің, жақсы емес пе? Теңізде шырматылып өсетін жібектей жұмсақ өсімдік болады екен. Ал өзіміз күнде жеп жүрген кәмпіттердің сыртындағы әсем қағаздар содан жасалатын көрінеді.

— Солай ма, расында тамаша ғой,— деп, Төкен қаты танданды.

— Солай, мен енді қалай да теңізші болам. Төкеннің ағасынша үлкен кемелермен жүзем.

— Ой, мақтаншақ мұрнынды сүртіп алсайшы. Сені теңізшілікке алып қайтсін,— деді Жандос күліп. Қажікеннің қалқан құлағы қып-қызыл болып кетті.

— Алады, несі бар,— деп күмілжіді ол. Шолақ мұрны пысылдап төмен қарады. Көзі жасаурап, үйіне қарай шапшаң кетіп қалды.

— Бекер ұялтасың, ол шынында теңізші болады. Сөзсіз болады. Кім не болса еркі емес пе,— деп, Төкен Жаңадосқа ұрыса бастап еді, анау:

— Мақтаншақты жаным сүймейді. «Пәлен болам, түген болам». Сонда өзге жұрт бола алмай ма? Мысалы,

мен космонавт болам, Гагаринше қас қаққандай уақытта әлемді бір айналып түсем. Космонавттың жанында теңізшілік те жұмыс па? Мен тағы не болам, тұра тұр, ойланайын...

Төкен қарқылдап тұрып күліп жіберді.

— Ой, нағыз мақтаншақ өзіңсін. Қажікенге теңізшілікті қымайсың. Ал өзің бірден космонавт болмақсың.

Жандос жұдырығын түйіп алып, жіп-жирен шашы тікірейіп соқтыққалы тұр.

— Кане, кім космонавт бола алмайды, айта ғой!— деді кеудесін көтеріп.

— Сен бола алмайсың, сен,— деді Төкен долданып.— Космонавт түгіл шофер де бола алмайсың, нағыз мақтаншақ өзің!

Жандос жұдырығын ала ұмтылды. Төкен қолын қағып жіберіп алыса түсті. Қапылыста Төкенді іштен түйіп жіберді. Екі бала ұмар-жұмар болып жерге құлады. Ызалы Төкен Жандосты астына басып шапалақпен жақтан тартып жіберді. Жандос тұра салып қашып бара жатты. Төкен үстін қағып тұрып:

— Мақтаншақ әрі қорқақ!— деп айғайлады.

Осыдан соң балалар көп уақыт кездеспеді. Болған оқиғаны ешкімге де айтысқан жоқ. Әсіресе Қажікен тұнжырап жүрді. Бір күні Төкеннің теңізші ағасы демалысқа келе қалды. Әсіресе Қажікен қатты құзғанды. Ол теңізшіге ыржия қарап көз алмай тұрды. Қослапайсыз кең шалбардың балағын ұстап көргісі келді. Алтын жазулы жібек лентаны қатты қызықтады.

Төкеннің ағасы ауылда көп болған жоқ. Қызметіне жүріп кетті. Ол Төкенге күнқағарсыз картуздың алтын жазулы лентасы мен матрос белбеуінің жезден құйған ауыр айылбасын қалдырған еді. Бетінде кеме якорының суреті бар сом айылбас болатын. Төкен Қажікендікіне барды.

— Жүр, Қажікен, ойнайық. Менде мыналар бар, жүр!— деді ол лента мен айылбасты көрсетіп. Қажікен көңілсіз ерді.

— Мә, айылбасты ала қой. Сен теңізші боламын деп жүрсің ғой, ала қой!

Қажікен үнсіз бас шайқады.

— Ендеше лентаны да қоса берейін.

Бала тағы бас шайқады. Екі дос көлге қарай үнсіз

аяндап келе жатты. Қажікен қыбырлап толқып жүріп жатқан көл ортасына қарап күрсінді де:

— Мен бәрібір теңізші болам, көр де тұр!— деді.

## БАЛЫҚ ЖЕККЕН ЖҮМЕКЕН

Жүмекен ертемен үйден шықты да, су сорып ақ жем болған қарағай ескекті алып, Есілге қарай аяңдады. Өзен тап қоршаудың сыртында, қалың талдың астында ағып жатқан. Жарқабақтағы қорым үйеңкіден әрі қыпқызыл болып жалын атып күн шығып келеді. Қалың жапырақтардың арасынан күн сәулесі шашырай төгіліп тұр. Бала майда балшықты қызыл жардан сырғанап төмен түсті.

Жүмекен кір астауындай кішкене қайығына мініп, төмен қарай ықты. Сона бір сарғылт тұмсықтап әрі құрып койған ауы бар еді.

Ескекті сирек сермеп, ау қазықтарын алыстан кадала қарап келеді. Қазықтар жоқ. Тұнба иірімде шылау шөптер қимылсыз көрінеді. Жүмекен қазықтарын ұзақ іздеп, шөп арасынан біреуін тапты. Сіресіп қатып қалыпты. Шетінен тартып еді, әлдеқандай мықты күш қазықты қолынан суыра берді. Жүмекен шиыршықталып қалған ауды өзіне қарай тартқанда, қайық шапшаң ілгері сырғи жөнелді.

Күректей қоңыр құйрық жарқ етті де, Жүмекеннің бетіне мұздай суды екпінмен ұрды. Сонсоң тереңге тік сүңгіді. Қайықтың істік тұмсығын еңкейтіп, артын шайқап-шайқап қалды. Бір сәтте су бетіне қайта шығып кара көк арқасын көрсетті де, зор күшпен бойлай жөнелді. Кішкене қайықты шапшаң қозғап, ағынмен үдере ықты.

— Жүмеке-ен, боса-ат, суға кетіреді, өлдің... өлдің...— деп дөң басынан айқайлаған дауыс естілді. Бала қайсарлыққа бекініп алған еді. Қайықтың текпішіне аяқтарын тіреп сіресіп қатып қалды. Аудағы алып балық көк Есілдің айдынына ұрғылап жанталаса түсті. Біресе жағаға соғып, қайта тереңге тартып дамылсыз қайрат көрсетті. Жүмекеннің маңдай тері бұршақтап көзіне құйылып, түк көрсетпейді. Жеңімен сипап тастауға да уақыты жоқ, қолы сіресіп қатып қалған.



Қанша уақыт өткенін кім білсін, бір кезде балық саябырси бастады. Жүрісі баяулап, әлсірей берді. Су ішінде ирелендеп баяу жылжиды. Балық тік жардың астымен келсін. Төбеге төне түсіп бұйра талдар тұр. Біріне қолым іліксе дейді Жұмекен. Бір кезде жағадағы көк талдан ұстай алды. Балық қайта тулады. Бірақ алғашқыдай бұлқыныс жоқ еді, желбезектерін желпіп тұрып қалды. Жұмекен талды бұрап әкеп тақымына басты да, қалтасынан бүктеме пышағын алып, балықтың желкесінен бойлата сұғып жіберді. Жыртқыш тарак құйрығымен суды сабалап тулап кетті. Мөлдір суға күрең қоймалжың араласып қызғылт тартты. Әлсіреген денесінен мол қан ағып сұлық тұрып қалды.

Жағаны бойлап дабырласып жұрт жеткенде, Жұмекен нән шортанды қайыққа аударып салып, терін сүртіп отыр еді. Көпшілік жыртқыштың күмістей жарқыраған бауырына қарап қуана танырқасып тұрды.

— Өй, өркенің өссін, балық жеккен Жұмекен!— десіп қошемет сөздерді жаудырсын келіп...

## МЫҚТЫЛЫҚ ПЕН АҚЫЛДЫЛЫҚ

(ЕЛ АУЗЫНАН)

Ертеде аңдар бас қосып, түлкі-айлакер, <sup>1</sup>қасқыр — жауыз, арыстан — ең мықты, әрі епті болсын деп сөз байласты.

«Ақыл мен тапқырлықты кімге береміз» дегенде, «адамға ғана лайық» деді олар. Бұған түлкі қарсы болды.

— Атама, ақыл мен тапқырлықты адамға берді дегенше, аңдарға тіршілік болмайды. Барлығын да өзі билейді. Ең мықты қаһарлы деген, арыстан тақсыр, сізді де бағындырады.— деп байбалам салды түлкі. Сонда арыстан желке жүнін күдірейтіп:

— Құш пен ептілік менде тұрғанда адамға ондайлықты кім берсін. Құш пен ептілік бар жерде ақыл мен тапқырлық та сөз болып па! Бәрін де мен жеңем, берейік адамға ақыл мен тапқырлықты,— депті.

Бір күні арыстан орманға барса, ағаш кесіп жүрген шүйкедей шалды көріпті.

— Ә, міне, адамды да кездестірдім. Сынайын ақылы мен тапқырлығын. Өзін қалай арашалап алар екен. Ей, адам, мен сені жеуге келдім,—деді арыстан ақырып. Шал қорку орнына қарқылдап тұрып күліпті.

— Ей, адамсымақ, неге күлесің?—деп, арыстан гүрілдеп жақындаған екен.

— Мен сенің ақылсыздығыңа күліп тұрмын,— деп жауап беріпті шал.— Егер арыстан мықты, әрі епті болса, оның жаулары да көп қой. Солар шабуыл жасай қалса бекінетін мықты қорған салайын деп әуреленіп жатсам, сен мені жемек боласың. Ақылсыздығыңа кімнің күлкісі келмес,— депті.

— Ондайыңды білмеп едім. Ендеше қорғанды, тез бітір,— деді арыстан әмірлі дауыспен.

Адам күн-түн демей жанталасып ағаштан берік сарай салып, есік орнатып болып арыстанға:

— Тақсыр, кіріп көріңіз, бойыңызға шақ келер ме екен, өлшеп алайын,— депті. Арыстан кіреді.

— Құйрығыңызды жиып алыңыз, сыртқа шығып кетті. Өне солай...

Шал есікті сарт еткізіп жауып жіберді. Арыстан үйшікті көріп болып, енді шығайын десе, есік тас бекітілген.

— Әй, адамсымақ, аш есікті, көріп болдым,— деп еді, шал бұл жолы орманды жаңғырықтырып бұрынғысынан да қатты күліп жіберді.

— Күш пен ептілігің бар ғой, бұзып шық кәне!— деді шал күлкісін тия алмай. Мына жайды бақылап тұрған андар: «Арыстанды тұтқын қылған адамға дауа жоқ. Бәрімізді де ондырмайды»,— деп тұс-тұсқа бытырай кашыпты.

## ЕС ПЕН ДОС

Ағайынды екі ку Ес пен Дос жолаушылағанда әмән бірге жүрмейді екен. Ағасы күншілік жер алға кетеді де, інісі ізін басып отырады. Сөйтіп, Ес тепектей жортып жайлаудағы бір ауылға келіпті. Қотандағы бар итті дүрліктіріп ауыл төріндегі ақ үйдің бірінен сөйлес сұрайды.

— Уа, кім бар, алыс жолдан келе жатқан мейманмың. Рұқсат болса қонамың,— дейді.

— Ана зарлап тұрған кім, әрі қуып тасташы,— дейді бай ішігіне орана түсіп.

— Рұқсат жоқ, түспесін дейді бай,— депті малайы.

— Байға айта бар. Алыс жолдан әкеле жатқан таңқаларлық жаңалығым бар. Тындамаса арманда қалады,— деді Ес.

— Апырай, жаңалығы болса түсірші, бір қу жақ екен,— дейді бай.

Ес төр алдына жайғасып алып, үнсіз томсарып отыра береді. Бай үйінің сараң қонақ асын ішіп болғанша тіс жармайды.

— Мейманым, бағана айтам деген жаңалығың не түрлі, айтып бермейсің бе?— дейді.

— Айтуға талай оқталсам да, аузым бармай отыр, мырза. Бүгін даламен жортып келе жатып, аса ерсі жұмыс көрдім. Құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық. Тегі, ақырзаман салқыны бола ма деп бек шошып келем.

— Апырай, о не екен?

— Сары даламен жортып келе жатқам. Күн ашық, аспанда бір түйір бұлт жоқ. Бір кезде құрым кигіздей қап-қара көлеңке төбемнен жапты да кетті. Шулаған мал, жылаған-сықтаған балалар мен әйелдердің даусы азан-қазан. Апырай, не сұмдық деп жан-жағыма қарасам, ешкім жоқ. Аспанға қарадым да, қорыққанымнан қалшып қаттым да қалдым. Құдай салмасын, мырзекей, мұндай да сұмдық болады екен? Бүкіл бір рулы ел бұлттың бер жағында шұбала көшіп барады. Жылау-сықтау солардікі болып шықты. Тындап тұрсам, «елім-айға» басып еңірегінде етектері толған бір шарасыз көш. Көшті қапталдай шапқан тор жорғалы өзіңіздей бір мырза:

— Ей, жігіт, неге аузыңды аңырайтып тұрсың. Бүгін бізге келсе, ертең сен де құтылмайсың. Ештеңе жоқ таңырқайтын,— деп жерден алып жерден салды.

— Апырай, тақсыр, не күйге ұшырап едіңдер?— деп еңіреп жылап жіберіппін.

— Аллаға аз жалбарыныппыз. Тасаттық, құрмалдық бермеппіз. Кедей-кепшікке қараспаппыз. Қайта қысым көрсетіппіз. Мейманды бетке қағып жарытып қонақасы бермеппіз. Енді соның жазасын тартып бүкіл елмен қосып о дүниеге мезгілсіз көшіріп әкетіп барады,— дегені ғой. Осыны айтып «елім-ай, қалдың кейін-ай» деп әлгі мырза көш соңынан шаба жөнелді. Мен байғұс не болға-

нымды білмей мелшиіп тұрып қалыппын. Аспан көші қоныр бұлттарға батып жоқ болғанша қарап тұрдым,— деп, Ес ауыр күрсініп жер шұки берді.

— Апырай, рас па, рас көрдің бе? — деп шошына сұрапты үй несі.

— Рас, өтірік айтып не көрінді. Өзім де қатты қысылып опық жеп отырмын. Сол мырзаның басындағы менде де бар еді. Қайтерімді білмеймін.

Ес ертемен аттанып кетеді. Бай қаттылықты қойып, дәулетінен біраз малды шығарып құрмалдыққа шалып кедей адамдарға жәрдем етуге ойластырады да, қолы бармайды. Жолаушының көргеніне сеніңкіремей арқасын кеңге салады.

Кешінде сол ауылға Дос келіп қонады. Ауыл адамдары өте алаң болып отыр екен.

— Апырай, шырағым, осындай бір жаманат хабар естіп отырмыз. Не білдің, не көрдің?— деп жапа-тармағай Достың аузына қарайды. Дос та қатты шошынған рай көрсетіп ойлана қалады.

— Апырай, рас болмаса игі еді,— дейді ол.— Кеше Ақсуаттың сары даласында аспаннан салбырап түсіп келе жатқан киіз үйдің бір уығын көрдім. Көшкен елден түскен уық болар ма екен...— депті. Мұны естіген ауыл пысығы сүріне-қабына мырзаға жүгіріпті.

«Рас екен, рас болды. Осылай да осылай» деп, Достан естігенін екі есе қып айтады.

Ес пен Дос сапардан қайтып келе жатса, әлгі ауылдың байы құрбандық шалып, жарлы-жақыбайларға қайыр-садақа үлестіріп шығынданып жатыр екен.

Екі қу күліп өте шығады.

## ҚУ ТІЛДІ ҚҰСАЙЫН

Құсекең жұдырықтай-ақ шал. Сырт пішіні жаңа жыл кешінде Аяз ата болып ойнаған балаға ұқсайды. Сақалы мен мұрты жапсырып қойған мақта сияқты. Қасы да бұп-бұйра болып көзін жиектеп тұрады. Доп-домалақ дене бітімі мен қызыл жүзі үнемі жайдары жүреді. Отырған жері думан күлкі. Кеш болса Құсекеңнен кеңес естімек болып, бәріміз қаумалап ортаға аламыз. Ондайда шал аппақ кірпіктерін ашып-жауып, мырс-мырс күледі де:

— Жас кездегі қайдағы бір құрыған күндерді еске салып қайтесіндер,— деп сакалын салалап аз отырады. Сонан соң жымындап қойып сөз бастайды.— Ол кезде осы күндегідей театр, кино сияқты сауық орны жоқ. Көдін-сөдінді ойын қылып көңіл көтереміз. Әсіресе жолаушылап шыққанда, жігіттердің ермегі мен болам. Бір жолы Атбасардың жәрменкесіне кетіп бара жаттық. Он шақты жігітпіз. Жалпақ даланы асып, сұлу Сырымбеттің қойнына кірген бетіміз. Қоналқаға төренің ауылына жеттік. Кедей болсақ та, әлімізге қарамай бай үйді іздейтін әдетіміз.

— Не де болса төренің өз үйіне түссек қайтеді? Ол биыл қайтыс болған. Дұға оқимыз, халфеміз ортамызда,— деп Қартайдың Шәймердені мені негімен ымдап қойды.

— Түсіре қойса,— деп біреу күдік айтып еді.

— Әйда, тарт!— дедім мен. Жігіттер мені халфеше киіндіріп, Шәймерден күтушім болды. Қақпа алдына тоқтаған соң:

— Әй, шырағым, аттан түсіп рұқсат сұрап шықшы,— деп әмір еттім. Шәймерден жүгіріп кетті де, әлден соң қайта шықты.

— Рұқсат жоқ, жағдайымыз келмейді дейді, халфе.

— Кім айтады, айтқан кім?— деп ақырдым.

— Төренің бәйбішесі айтты.— деді Шәймерден қозғалақтап.

— Не дейсің? Малшы-сауыншыларының біреуінен сұраған шығарсың. Бүкіл қазаққа мәлім болған, қақпасынан ат кетпеген кешегі хан немнің шаңырағы алдынан қонақ кетті деген не сұмдық. Бәйбішеден сұрадым дегенің өтірік. Ыңғай былжырайсың да жүресің,— деп, Шәймерденнің құлып жақысын тарсылдатып сабап жүрмін.

— Әй, Мырзакелді, сен баршы, мына бәтшағардан іс шықпас,— деймін күмпілдеп. Мен Шәймерденді қамшының астына алғанда, төренің бәйбішесі қақпадан сығалап тұрған. Енді Мырзакелдіні жұмсағанымда үйіне кіріп отыра қойыпты.

— Рұқсат, түссің,— деп, жігіт күлімдеп шықты.

— Бәсе, солай болса керек еді. Сен-ақ зығырданыма тидің,— деп әлі де Шәймерденмен болып жүрмін. Жігіттер жымың-жымың етеді. Мені ортаға алып үйге қаумалай кірді. Біреуі киімімді шешіндіріп, енді біреуі тыма-

ғымды сілкіп іліп бәйек болулы. Жүзі сынық шұбар бәйбішеге сәлем беріп, төр алдына шарта жүгініп алдым да, құлағыма сіңген бұхар мақамымен заулатып құран оқыдым. Аятты шала білетінмін. Құран оқып болып, хазіреттерше құлашымды кең жайып бата қылып, бәйбішеге көңіл айттым. Даусымды бұза сөйлеп, көзімді ұзақ сүртіп «қайғырып» отырып қалдым.

— Алланың ісіне шара жоқ. Жаны жаннаттан табылсын,— деймін естірте күбірлеп. Соған үлкен меруерт тасты таспигымды сыртылдатып тарта бердім. Жігіттердің біреуі сөйлейін десе, екіншісі тоқтау салып мен жаққа ым қағады. «Халфеге бөгет жасама»,— деп қоғадай жапырылады. Бәйбіше даяшыны шақырып, қонақасы жайын сыбырлап жатты. Сейдахмет хазіреттің оң қолы Құсайын халфе деген соң бәйбішеде ес қалған жоқ. Тез арада кымыз, одан соң шай жетті. Шайдан соң дағдылы таспигымды тартуға кіріскенде, екінші бөлмеден ыңырсыған аурудың үні естілді. Тындай қалдым. Бәйбіше рұқсат сұрап сөз алды.

— Манадан айтуға батпай отыр едім, халфе. Баламыз сырқаттанып тұрғаны, басым ауырады дейді. Бір жақ аяғым сырқырайды дейді. Бүгінгідей салқын күндері жатып қалады. Қырықтың бірі қыдыр боларсыз, тамырын ұстап көрсеңіз қайтер,— дегені ғой.


— Алла бұйырса, құдайтағала сабағатын салар,— деп құжырандап қалдым. Төренің бой жеткен қызы сылти басып бері шықты да, тәжім етті. Жүзі тұнжыраған кейкі мұрын арық бойжеткен екен.


— Шәймерден, сонау белбеуімді әперші. Әйел жыныстының денесіне қол тигізу әлбетте намахрам боладұр,— дедім. Шәймерден қалбалақтап тұрып қызыл шыт белбеуді алдыма тастады. Белбеудің бір ұшын қызға лақтырдым да:

— Ұста, шырағым, мықтап ұста. Ішіннен салауат айттып отырғайсың,— деп көзімді тас жұмып мүлгідім де қойдым. Белбеудің ұшын сығымдап ұзақ тындаймын.

— Е-е, жарықтық-ай, мұндай да аруақты адам болады екен,— деп танданып бәйбіше отыр. Мен өзімше әуремін. Не дәлел айтсам екен? Әлгіңде сылти басқаны қай аяғы екені де жадымда жоқ.

— Бағана жолда түсіп қалған арбаның қай доңғалағы еді?— деп сандырақтап сұрасам, Шәймерден түсіне қойды.







— Левый,— деді орысшалап. Мен сөйлей жөнелдім.  
— Бәйбіше, қорықпаңыз, шипасы бар науқас. Кешкілікте қора маңынан салқын жел болып жабысқан екен. Алғашқыда денесі калтырай беріпті де, кейіннен сол аяғы сыздайтын болыпты. Ыстық өкпемен қағып дем салып жіберсе, иншалла айығар.

— Аруағыңнан айналайың, халфе, үшкіріп беріңіз, қырықтың бірі қыдыр деген,— деп, кемпір сарнап отырып алды.

— Амал жоқ, алла ризашылығы үшін үшкіріп берейін, меңсіз қара ешкі табылар ма екен?

— Бар,— деді бәйбіше.

Ешкіні сойғызып, ыстық өкпесімен ауру қызды қағып, басына шарпысын орап жатқызып салдым. Қыз түні бойы терлеп ұйықтапты. Сәскеге дейін ұйықтаумен болды. Біз оянуын тоспастан аттанып кеттік. Төренің бәйбішесі дағды бойынша қара ешкінің етін татпастан бізге салып берді. Жол азыққа молыққан жігіттер жымың-жымың етеді.

Ұлы сәскеде сары далаға шығып алып, ал келіп күл, ал келіп күл. Аттан түсіп домаласып жатыр. Жігіттердің осынша күлкіні іштеріне қалай сыйғызғанына қайран қалдым,— деп, Құсекең кішкене денесімен үнсіз селкілдеп қойды.

## КҮН ҚАЙДА ҚОНАҚТАЙДЫ

Жазғы таң ерте жарық болса да, күн әлі шыққан жоқ. Аспан тап-таза көкпеңбек болып төніп қалыпты. Айнала тым-тырыс. Күн сұлуды асыға, салтанатпен күтіп тұр. Осы кезде дөп-дөңгелек, қып-қызыл болып күн де ұясынан шыға бастады.

— Алақай, күн шығып келеді, күн!— деді бар дүние шаттанып. Күнді мақтап бұлбұлдар сайрады, боз торғайлар шырылдады. Далада диқанның қуанышты әні естілді. «Күн-ай, рақаттандырдың-ау, жасай бер» деп жұмыр жер жатыр бусанып. Шөп басына тізбектелген мөлдір шық майдай еріп барады. Жер үсті мұнартып тұр. Сұйық бу күнмен бірге көтерілді. Дала үстіне бөріктей егіз бұлт пайда болды. Өздері сүп-сүйкімді, жұп-жұмсақ ақ мақтаға ұқсайды.

«Біз күннің бар сырын ұғамыз. Қай жолмен жүріп, қайда қонақтайтынын көзбен көреміз»,— десті егіз бұлт. Сөйтіп, күнге еріп сапар шекті. Талай тау, талай дала, шалқар көл, мұхиттардың үстімен өтті. Кенет кеше өздері пайда болған егінді дала үстіне келді. Шалқар көл жатыр төменде.

— Алақай, туған жердің үстіне келдік.

— Бекер болар.

— Қарашы өзін, кеше ұшқан жеріміз.

— Жоқ, күн бізді алдап жүр екен. Бәрібір қонақтауға тиісті,— десті. Туған даласынан өздеріне ұқсас тағы бірнеше кішкене бұлттар көтерілді. Олар тұтасып қалыңдап, бір-біріне соқтығысып нажағай ойнады. Нәсер сабап кетті. Егінді дала рақаттана тыныстап жатыр.

Бұл кезде күн көзі сонау батысқа қарай жылжып ұзап бара жатқан. Бізден құтылып кете алмайсың, қонақтағаныңды бәрібір көреміз десті екі бұлт.

Тәуліктер, айлар, апталар өтті. Күн әлі қонақтаған жоқ. Нарттай қып-қызыл қалпынан айныған жоқ.

— Көрдің бе, төменде үздіксіз жарық болып тұр. Мүмкін, күн қонақтамас та,— деді біреуі.

— Жоқ, қонақтауға тиісті!— деді екіншісі.

Олар күн соңынан еріп дүниені тағы кезіп кетті. Қоныр күз болғанда екі бұлт Алатаудың аппақ басына оралып тапжылмай тұрып қалды. Күн болса бұрынғысынша жер-жаһанға сәулесін төгіп мейірлене қарап тұрды.

Ол ешқашан да қонақтамайды екен!

## ШӨГЕЛДІҢ КӨК БЕСТІСІ

— Сіз көк бестіні көрдіңіз бе?

— Жоқ, көре алмадым.

— Опыра-ай, көп жылдар өткен екен ғой.

— Әлбетте, бірқыдыру заман өтті,— деп, Тәкбаян қарт ұзақ ойланып қалды. Алғыр қырандай тас түйін болған бәкене шал қызыл көздерімен сонау құладындар қалықтап жүрген сарғылт далаға қарады.

— Көп уақыт өтіпті, онда мен жоқпын. Әкем Бапалақтың жастау кезі. Бертінде жел жетпес көк бесті жайлы әкем тебірене айтып отыратын. Көк бестіні аузына алмай сөз сөйлеген емес. Ат басы, қыран күйі айтылған-

да, тілдің тиегі көк бесті болатын. Көк бесті не бары бесті күнінде мерт кетті. Ол қабырғасы қатып ет болып жетілген де жоқ еді.

— Айтыңыз, ата, бірін қалдырмай айтыңыз,— деп қартты ортаға алдық. Тәкең шоқша сақалды қоңыр бетін сипап қойып, сөз бастады:

— Ертеректе, патша заманында күн көріс ғамалы үшін алыс қиырларға сапар шегіп жүрген ел кедейінің бірі етікшілік ақысына жинаған тиын-тебенін құрастырып, орыс арасынан бір мәстек бие алып қайтады. Шашасы жер сызған кәрі көк бие екен. Әлгі етікші біздің үйге келіп қонып отырып, көк мәстектің жетекке жүре алмай бейнет болып келе жатқанын айтады. Атам Шөгел ақсақал биені көріп жабыса кетіпті.

— Қонағым, мына көк мәстекті маған сата көріңіз. Не алсаңыз да қолыңызды қақпаймын,— дейді.

— Бұған соншалық неге құмар болдыңыз? Түрі мынау: бас-арқасы жауыр, өзі арық,— депті етікші. Шөп шайнаған сайын көз майы лықсып шығып бүлкілдеп тұрған көк биенің алды-артын орап, шал құмар көзбен қарай беріпті.

— Пәлі-пәлі, тар құрсақта шиыршық атуыңа болайын,— деп сүйсініпті. Ештеңеге түсінбеген қонағы:

— Несі бар, не қылығы ұнады бұл керенау көктің?— деп сұрайды. Атам тымағын қолына алып, мәстектің іші мен кеуде қуысын кезек тыңдап:

— Шіркін, сабаздың өзі екенсің-ау! Іштегі құлынның жүрек соғысы бесті аттікіндей бар!— деп тандайын қаға беріпті.— Айтқаным айтқан, шырағым, қалағаныңды ал да, көк бестіні қалдырып кет. Бұл қалыпта еліңе жете алмайды. Мынадай зіл жүкті жеткізе алмайды.

— Болдыруы анық, жете алмайтынын көріп келем, несі бар екен?— деп, жолаушы қарттың аузына қарайды.

— Жігітім, Шөгел шал десе осы төңірек түгел біледі. Байлығым да, билігім де жоқ. Атбегі, құсбегі ғанамын. Көп жылғы тәжірибем алдамаса, көк биенің ішінде тұлпардың тұяғы жатыр. Асқан жүйрік жылқы нәсілі бар, сеніңіз менің сөзіме. Шөгел қате сөйлеп көрген жоқ,— дейді.

— Салған қолқаңыз көк мәстек болса, алыңыз. Өзіңіз біліп қарымын қайтарарсыз.

Атам маңдайға басқан екі биенің бірін жетектетіп жіберіпті.

— Шөгелдің қартайғаны емес пе? Мәстектен тұлпар туады дегені ақылы кемігені ғой,— десіпті жұрт. Олардың сөзіне құлақ аспаған атам көк биені күтіп бақылаумен болады. Көкек айы туа бие желіндейді.

— Бапалақ, а Бапалақ, бері келші, балам,— деп, атам әкемді шақырыпты. Әкемнің бозбала кезі екен.— Биені өріске апару керек. Боз оттасын. Бірақ жанынан екі елі қалма, көп ұзамай туады. Құлынды қолыңнан тұғыз. Ұйықтап қалсаң, не ойнап кетіп көз жазсаң, менен жақсылық күтпе,— деп тапсырады.

Бір күні бала әкесіне келіп:

— Әке, сүйінші, көк бие құлындады, еркек қара құлыны бар,— дейді.

— Құлын туғанда қалай туды?

— Туған бетте бауырын жерге тигізбей бірден қарғып тұрды.

— Бәрекелді, солай болар деп едім. Шөгел әлі қартаймапты. Ал, балам, құлынды көз жазбай күтіп бақ. Қасқырға жегізбе, ұрыға алғызба, әйгілі ат болады, бағың бар екен.

Құлын құнан шыққан жылы бозғылт тартып өзгеше түлейді. Қара жүнін тастап көк құнан болуға анық бет алады. Бапалаққа әбден үйреніп алған. Қайда барса сонынан еріп жүреді.

— Міндетің көк құнанды өріске жайып оттатып келу болсын. Байқа, оған әсіресе қасқыр өш келеді. Сақ жүргейсін. Ол жауыздар жүйрік жылқыны қырымнан танитын,— деп, қарт Шөгел күнде қақылдап отырады.

Күз өтіп қыс келеді. Қан сонар екен. Шөгел атам мұндайда үйде отыра ма? Түннен тұрып сонарға шығып кеткен. Бапалақ сәске кезінде мал жайлап болып пішендікте жүрсе, сырттан қиқулаған көп адамның даусы естіледі.

— Атта-ан, алдынан шығында-ар!

Бапалақ мая төбесінен қараса, ауылды жанай өтіп қасқыр сілтеп барады. Беті Астаукөл жақ. Қалың қамысқа кіріп паналамақ ойын Бапалақ бірден түсіне қояды. Қолда дөңгелек тұяқ жоқ болатын. Қызу қанды бала жігіт Бапалақ көк құнанға жайдақ мініп, шарбақтың бір қазығын суырып алып тартып кеп кетсін. Қыстау сыртына шықса, қасқыр Астаукөлдің ойына жақындап қалған екен. Тақымды қысып қалмай ма келіп. Жын ба, пері ме, көтеріп ала жөнеледі. Көзді ашып жұмғанша бұралаңдап

бара жатқан қасқырға жанаса берді дейді. Әкесінің жасынан сойыл сермеуге үйреткені тегін кетпепті. Бапалақ қазықпен сипай салып өткенде, қасқыр етпетінен түседі. Осы кезде Шөгел бастаған топ келіп жетеді. Сұлап жатқан қасқырды көріп баласынан:

— Мынаны соққан сен бе?— деп сұрайды.

— Мен,— депті Бапалақ мақтанып.— Көк құнанмен бір-ақ ырғыдым.

— Сен болсаң мә сыбаған, мә сазайың!— деп, Шөгел баласын қамшының астына алады.

— Апыр-ау, Шөке-ау, баланың жазығы жоқ қой!— деп, жұрт арашаға түскен екен.

— Көк құнан тұлпар нәсілді жылқы. Өз ойым, аңның қызығын көріп жүрмін ғой. Көк тайды үлкен той-думанда бәйгеге қосайын дегем. Енді бәйгеге бағы болмайды,— дейді атбегі қинала сөйлеп.

Осыны айтып, Тәкбаян қарт ұзақ үндемей қалды. Көктем күні дала үстіне шырқап шығып қыздырып тұр. Мөлдір сағымды кешіп шұбар табын алыстап барады. Қарт насыбайын піскеп «әтпүшә!» деп қалды да, жайдарылана күлді.

— Ата, айтыңыз, сонан соң не болды?— деп жалбарындық. Тәкең бізді жалынта түскісі келгендей, немесе ар жағын айтуға батылдық етпегендей, тартпақтап отырды да, ауыр күрсінді.

— Айтып айтпай не керек, атам айтқандай бәйгеге бағы болмапты. Ірі тойларға, астарға апарады. Үш жүз аттын алдында екінші, үшінші болып келіп жүреді. Бірақ шырқап шыға алмайды. Озуға жүйріктігі жетпеген жоқ, бағы болмайды.

— Ал аңға қалай екен?

— Атама, аң құтылмапты,— деді Тәкең көтеріле сөйлеп,— сойқан болыпты. Ол кезде біздің даламызда қасқыр деген қойша өріп жүрген ғой. Жылқыға шауып екі күннің бірінде қан қақсатқан көрінеді.

— Куушы болмаған ба?

— Болған, бірақ қайдан тауыса алсын. Көк тай дөнен шыққанда жүні ақ бурыл тартып, көшелі ат болыпты. Қиіктің асығындай шымыр қалпымен оқша атады екен. Қар неғұрлым қалың түссе, көк бесті солғұрлым аянбай сілтесе керек. Әкем Бапалақ сонар күні қасқырдың алтау-жетеуін түсірген. Ұялы жыртқыштарды қуа жөнелгенде, соңынан ілескендер соғылған қасқырларды

теріп алуға шақ үлгерген. Көк бестінің карасын ешкім де көре алмайды. Тек қалың қарды есіп кеткен жырттыңды ізі ғана қалған. Сонда тоң жерді кертіп лақтырып отырады дейді. Пай-пай, жануар-ай, сондай да жылқы баласы туған ғой. Не деген қайрат десейші!— деп, Тәкбаян қарт көздері жасаурап, төмен қарады.— Қалғанын кейін айтармын, жалығып кеттім.

— Атай, аяқтаныз, енді не болғанын білейік.

— Жарайды ендеше бір шабысын айтып берейін,— деп, Тәкең шырт-шырт түкірді.— Атышулы бай, әрі болыс Тілемістің Торсаны деген болыпты. Осы өңірге жарты патша атанып тұрған атышулы Торсан атама арнап кісі жіберіпті. «Шөгел тез жетсін, бір безбүйрек қасқыр күн сайын бір тайымызды жеп кетеді. Әбден құртар болды. Жылқы баласына ілестірмейді. Не соғуға, не атуға келтірмей тұр»,— депті. Естіген соң атам тұра ма, баласы Бапалақ екеуі дереу тартып кетеді.

Таңның бір ұйқысынан тұрып сонаршылар атқа қонсын. Еснейдің Қайранкөлінің ну қамысынан қара қасқыр керіліп тұрып беті Ақсуат, Обағанға қарай жөнеле береді. Қысылып қорқып тұрған жыртқыш жоқ, жәй шоққақтап қыр асып барады. Шөгел түлкінің ізіндей кішкене аяқ таңбаларын ат үстінен құрықпен шұқып көріп таңдай қағады.

— Апырай, мынау өзіне-өзі сенген шығанның бірі екен. Басқан ізі қарды шегедей нығырлап отырыпты. Шалыс басуына қарағанда қаншық болу керек. Ұзаққа салар-ақ, оңайлықпен беріспес. Қоржынында көк малтаң бар ма еді, жүрегің талып кетпесін. Қуып жетсен, алдына шықпа, жазым етер. Бөкседен сипай соқ. Балам, көк дөнен екеуіне бұл бір үлкен сын. Қараңғы түспей қарманып қал. Өйтпесең құтылып кеткені,— депті.

Бапалақ нар тәуекел деп қасқырдың соңына түсе қалсын. Атты шуу дегенде қыспай, жай сілтеп келе жатады. Қасқыр кішкене қара түйіншектей ақ бұрқасынға оранып сары даламен батысқа қарай тартып барады. Қасқыр қуа жүріп мұндай пәлені Бапалақ көрген жоқ екен. Көлге де, шілікке де, небір пана табар жерлердің біріне бөгелмей ұзаққа сілтейді.

Қыстың қысқа күні тез өтеді. Қасқыр саябырлау түгіл ширыға салады. Бапалақ көк бестінің басын жібереді. Күні бойы қарулы қолдың тежеуімен тұқырып келе

жатқан бесті құс болып ұшады. Қасқырмен арасы тез жақындай береді. Бірақ жыртқыш та бойлауық екен, ышқына сілтейді. Алда көз көрім жерде бұрқыраған ақ шандақ қана көрініп келеді. Ақсуат көлі артта қалғалы қашан. Қысқа күн қызыл мұнарға оранып көкжиекке асылады.

Бапалақ ашу шақырып көк бестіні қамшымен сауырға тартып-тартып қалады. Өмірінде қамшы көрмеген жануар шырқырап жіберіп күн астына қарай ұша жөнеледі. Көзді ашып жұмғандай сәтте кішкене қара қасқырмен қатарластыра береді. Бапалақ бар қайратын жинап, қақ сойылмен сыпыра сермеп өтеді.

Ат басына бой бермей лағып барады. «Тәк, жануар, тәк-тәк» деп, Бапалақ үзеңгіге шірене тартып кейін қарай ойысады. Келсе, қара қасқыр шоңқайып отыр екен. Көздері жап-жасыл болып, пышақ тістерін көрсетіп гүрілдейді. Әкем бір түсірген аңға екінші рет қол көтермейтін. Қасқырдың мойнына құрық салып сүйретіп елге қайтады.

Қасқырды Торсанға табыс етеді. Сойып көрсе, әйгілі бір шек қасқыр екен. Бір шек дегені — қарны сыбызғыдай ұзаққа тартатын пәле болса керек. Болыс сыйын алып, жарытып қонақасы да бермепті.

— Бұдан былай бай мен болыстың айтқанына жүрсем кәпір өтейін,— депті Шөгел атам. Ие, атам бір мұрт қисық адам болыпты. Әкеме де сол мінез дарыған. Қартайсам да менде де қисықтық бар,— деп, Тәкең мұртын сипап қойды.

— Қисық болғаннан кім пайда көруші еді. Торсанның сараңдығы жайлы Шөгел жүрген жеріне жайып отырған ғой. Болыс шамданған көрінеді. Қыстың бір сұрапыл боранды түнінде көк бесті қолды болады. Әкем мен атамның басына азалы күн туады. Бастарын тауға да, тасқа да соғады. Из-түз болмайды. Көрдiк, сездiк деген де адамдар табылмайды.

Көктем шығады. Атам қабағынан қар жауып ел аралап кетеді.

Бір күні арып-ашып, торығып оралыпты. Дағдыдағы қызыл жүзі кукыл тартып, бурыл сақалы ақ селеудей ағарып кеткен екен.

— Көк дөненді таптым,— деп еңіреп жылап жібереді.— Міне, көріндер...

Қарт күпісінің қойнынан сақарға түсіп аппақ болған

бітімі өзгеше шеңбер қабырғаны қалтыраған қолымен қасиеттеп ақ орамалдың бетіне қойыпты.

— Қайран жануарды көздері қалай киды екен,— деп аһ ұрады.

Өмір бойы алып емендей, толқымай өткен қайсар қартты ағайын болып жұбата алмапты. Ақыры өзінен-өзі ширығып белін шарт буыпты да, үлкен өжеттікпен аттанып кетіпті.

Болыс-билер кедей Шөгелдің сөзін қайдан сөйлесін. Өзін ажуа қылады.

«Қу тұлыпқа мөңірегендей, қу қабырғаға қарап біреуді айыптай алмаймыз. Мұндай қабырға толып жатыр. Заң бойынша көрген, білген тірі айғағынды әкел!»— депті. Сонда атам ашына сөйлеп:

— Осыдан артық қандай айғақ керек. Дәл бұған ұқсас жылқы қабырғасын құлақ естір жерден тауып келтірсеңдер дауым жоқ. Таппасаңдар — ат менікі. Мына Жанторының ұрыларынан ат құны емес, ер құнын төлетіп беріңдер!— дейді. Билер сөзді байлаусыз қалдырады.

Жылдар өте береді. Атам Шөгел ол дүниелік болады. Әкем Бапалақ та қартайды. Кезінде ел арасы бүлінеді. Болыс қысым жасайды деп сырды ішке бүккен адамдар көк бесті жайын жіңішкелеп жарыққа шығарады. Анығы былай болған көрінеді.

— Торсан болыс атама ерегіседі де, Жанторының ұрыларымен байланысып, көк бестіні сойғызады. Аттың кесіп алып бөлек тастаған басы көпке дейін кісінеп жатты дейді,— деп, Тәкең иығы селкілдеп, сіңірлі саусақтарымен қалтасын қармана берді. Ол орамалын алып, онсыз да қып-қызыл көзін ұзақ сүртіп үндемей отырды. Сонсон:— Әй, балалар-ай, қайдағы бір жүрек сыздатар жайды қозғаттыңдар-ау!— деп тізесін басып мамырлап орнынан тұрды.





## МАЗМҰНЫ

Нажағайлы түнде . . . . .	3
Зінүр . . . . .	15
Түнгі сапар . . . . .	16
Достар . . . . .	22
Тракторшы бала . . . . .	23
Танданарлық оқиға . . . . .	28
Қажікеннің арманы . . . . .	29
Балық жеккен Жүмекен . . . . .	31
Мықтылық пен ақылдылық . . . . .	32
Ес пен Дос . . . . .	33
Қу тілді Құсайын . . . . .	35
Қүн қайда қонақтайды . . . . .	40
Шөгелдің көк бестісі . . . . .	41

ДЛЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Зейнелгаби Иманбаев**

**НОЧНЫЕ ГРОЗЫ**

*Рассказы*

(На казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1970

Редактор М. Гумеров. Художник Л. Аканасев.  
Худож. редактор М. Қисамедіров. Техн. редактор  
С. Лепесова. Корректор К. Абдиқаримова.

Сдано в набор 8/IV—70 г. Изд. № 184. Подписано к печати  
18/VI—70 г. УГО6826. Бум. тип. № 2, 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>=1,5 п. л.—  
—2,52 усл. п. л. (Уч.-изд. 2,53). Тираж 12 000 экз. Цена 9 коп.  
Заказ № 599. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Гос-  
комитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-  
Ата, ул. Пастера, 39.